

негізделгендіктен, жоғарыда айтқандай, бір оқығаннан түсіну қиындау. Сонымен қатар метафора арқылы адамдарды қасқырға айналдырып, олардың іс-әрекетін аң бейнесімен суреттейді. «Түлей түзде ол өзінің аты-жөнін жалпылдаған ауыздарға айтқыза бермейді. «Ит-құс» дейді оны қырдағы жұрт, «Абалақ» дейді» деген үзіндіден жазушы табу сөздерді де қолданғанын байқаймыз, бұл да халқымыздың құндылығын ерекшелеу, даралығын айқындау деп білемін [4; 88]. Өйткені қазақ халқы үшін табуда екі ұғым — киелілік пен тыйым салынғандық, қасиеттілік пен қорқыныш тоғысады. Табу сөз белгілі бір тұлғаларға да, белгілі бір қоғамдық ұжымдарға да қатынасты қолданыла береді [7]. Сонымен қатар, шығармада аталған барлық кейіпкер өзіндік болмысымен ерекшеленеді. Оларға автор қысқаша тоқталса да, біз олардың мінез-құлқын оқиға желісі бойынша өзіміз анализ жасап, анықтап ала аламыз.

Жалпы қаламгердің кез келген шығармасын алсақ та, өзімізге қажет белгілі бір ой түйеміз. Мәселен, жазушының «Мүйіз тарақ» әңгімесі кейуананың күнделікті өмірін суреттеуден басталып, бала күнінде туған ауылында көз алдынан өткен осы оқиғаны еске алуымен аяқталады. Осы арқылы ол кейіпкер психологиясын, кезең тынысын, жалғыздық пен кәрілікті бір ғана деталь – мүйіз тарақ айналасында суреттей алған. Ол жайлы белгілі ақын Ерлан Жүніс те өз пікірін білдіре кетеді: «Дәурен Қуаттың «Мүйіз тарақ» әңгімесі – кісі көңіліне ала-сапыран күй кештіретін, кейіпкер қайғысы арқылы ұлттық трагедияларға өтетін, бөлшек арқылы бүтінді көрсететін, жаңа қазақ прозасының талабына толық жауап беретін, он бет арқылы ондаған жылдар туралы ой тудыратын шығарма» [8].

Қорыта келе, Д. Қуаттың прозалық шығармашылығының жан-жақты, қоғамдық проблеманы қозғай алатын маңызды туынды деп қарастырсақ болады. Себебі оның туындыларының қай-қайсысын алсақ та, өз өміршеңдігімен ерекшеленеді. Бір жағынан тарихи фактілер келтіре отырып, жаңа заман көрінісін суреттесе, екінші жағынан адам психологиясын қозғап, оқырманды толғандыратын сауалдар қоя білетін бірден-бір жазушы екеніне көз жеткізе алдық деп ойлаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. <https://anatili.kazgazeta.kz/news/58934>
2. <https://abai.kz/index.php/post/72870>
3. <https://qarmaqshy-tany.kz/zanalyk/ruhaniyt/10942-bayyzdan-zhrt-nege-orady.html>
4. Дәурен Қуат «Әлқисса». – Алматы: «Дәстүр», 2015. – 232б.
5. <https://7-su.kz/news/cat-4/4472/>
6. <https://kaz.nur.kz/kaleidoscope/2034172-tus-zoru-ezelgi-qazaq-tusti-nege-suienip-zorygan/>
7. <https://kk.m.wikipedia.org/wiki/Табу>
8. <https://egemen.kz/article/279424-ush-tort-dgane-dgalghyzydyq>

Қойшыбек Дана Бақытқызы

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

dana.bakytkyzy@list.ru

*Ғылыми жетекші:
п.ғ.м. Б.Е.Сыздыкова*

ҚОЙШЫБЕК МҮБӘРАК ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ӘЙЕЛ АРХЕТИПІ

Архетип жайлы әдебиеттануда көптеген анықтамалар бар. Карл Густав Юнг архетип дегенде еске бірден келетін, сақ етіп санамызда сақталған тұлға. Десек те, Юнгқа дейін де архетип жайлы деректер келтірілген. Оған архетипті-ұжымдық бейсаналық тұрғыда қарастырған Платон еңбектері дәлел. Юнгтың ұстазы Фрейд миды екі қабат негізінде қарастырып, бірінші қабат-сана, екінші қабат-бейсаналық, деп көрсетеді. Ал, Юнг болса

бейсаналықтан кейінгі қабат барын аңғарады да, оны архетип деп жүйелеп, туа біткен ақпарат, қасиет қоры деген анықтама береді. Осы туа біткен алғашқы бейне кейін келе өмірдің түрлі құбылыстары арқылы толысып, образға айналады [1,99]. Бұл образ арқылы туа біткен прототипті тани аламыз. Түркі халықтарында архетип- адамның табиғи, төл болмысына негізделуі,- деп көрсетіледі. Демек, архетип- үнемі, бейсаналы тұрғыда қайталанатын түпнұсқа болмыс,- деген тұжырымға тоқталамыз.

Юнг архетиптерді мынадай түрге бөліп қарастырады:

- 1) Өздігінен-ең негізгі, ортақтық, тұтастыққа негізделген архетип.
- 2) Шалфей-білімге, данышпандылыққа ұмтылыс.
- 3) Құдай-ішкі дүние мен сыртқы дүниенің байланысын сезіну.
- 4) Анима және Анимус-ер және әйел бейнесі.

Ал, ТМД-лық зертеушілер Е. Петрова, В. Шишкиндер К.Г. Юнгтің еңбектері бойынша:

Көлеңке Архетипі,

Анима Архетипі,

Ана немесе Жан Архетипі,

Абыз Архетипі,

Анимус Архетипі,

Сәби Архетипі сияқты алты негізгі архетипті атап көрсетеді [2]. Ана архетипі-мәңгілік өшпес бейсаналықты, сәби архетипі- бастаманы, бейкүнәлікті, анима және анимус архетипі- нәзіктік пен батылдықты, абыз архетипі-саналы және бейсаналы сфераны білдіреді [3, 6]. Ментальді тұрғыда жүзеге асатын архетиптің біздің өмірдегі маңызын осы типтік бөліністердің жиілігінен, жалпы түп негізді анықтаудың артықшылықтарынан байқауға болады.

Негізгі бөлім: Қазақ прозасындағы әйел архетипі


Архетип мифтік фаза тұрғысынан көрініс табады, символ арқылы беріледі. Біздің зерттеу объектіміз- мифтік шығармалар төңірегінде екені аян. Кіріспе бөлімде берілген архетип бөліністерінің ішінен біз әйел архетипіне тоқталамыз. Әйел дегенде бізге ана образы елес береді. Прометей мифінде айдаһармен болған ұрыс-бұл ата-анамен ұлдың арасындағы қақтығыс,-деп көрсетіледі [3, 8]. Яғни, дүниеге келгеннен бері әке мен қыз, ана мен ұл жақындығы белгілі. Ана мен ұл арасындағы жақындықтың бұзушысы-әке образы. Сонымен қатар, ана архетипіне қатысты тілімізде «жер ана» тіркесі қолданылады, көне грек елдерінің мифологиясында «Гей-жер құдайы, анасы» деген түсінік бар. Бұл жерде жер ана архетипінің жалпы халыққа ортақтығын аңғара аламыз.

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің студенттеріне сауалнама жүргіздік.

https://docs.google.com/forms/d/19UJlUuSQ03Fqa6L8xmKI7jvi18_2WHTuM8wHLdQTrRPM/edit?pli=1

Сауалнама барысында: 1) Әйел дегенде ойыңызға келетін алғашқы сөз, ой? 2) Қазақ әйелі дегендегі алғашқы ой? сынды сұрақтар қойылды. Берілген жауаптарды келесідей диаграммаға үлестірдік:

■ ана ■ нәзіктік ■ сұлулық ■ тіршілік ■ жаулық



Қазақ әйелінің образы



Психология ғылымының кандидаты Валентино Дудкоға:

Сіз, қазақ әйелін не нәрсеге ұқсатасыз немесе оларды немен байланыстырасыз?-деген сұрақ қойылады.

-Табиғатқа ұқсатамын– күн, кең дала, жел, бір сөзбен айтқанда – «еркіндік»,-деп жауап берген. Сонымен қатар, «Жұмбақтас» жартасына қатысты мыстан кемпір мен жас қыздың образын әдемі алмастыратындығын айтады.Мұнда екі стихияның образы-мейірімді ана және залым ана.Ғалым қазақ әйелдерінің архетипі деп суреттеген [4].

Қазақ прозасындағы әйел бейнесінің архетипін келесідей кесте арқылы жинақтадық:

Архетип:	Мысал:	Түсініктеме:
Тәңір, жаратушы	Ұмай ана	Әйелдің өмірге физиологиялық тұрғыда бала әкелуі-жаратушы функциясын атқарады.
Залым, жауыздық	Мыстан, жезтырнақ	Уақыт өте келе залым кейіпкерге айналған мифтік образдар.
Өнер	Қойбас ана	Қой мүйізді домбыраға жан сыйлаған Қорқыт атаның қарындасы, мифтік образ.
Еркіндік	Ақбота	Оралхан Бөкейдің «Жетім Бота» шығармасында ботасын жетектеген, теңіз бойында сағымға айналған жетім қыздың образы.

Қазақ прозасында, қазақ мифологиясында осындай әйел архетипінің бірнеше бейнесі көрініс табады.

Менің әр шығармамның артында бір әйел тұрады, – дейді көп жазушылар аяқ баса бермейтін мифтік сарындағы туындылардың авторы Қойшыбек Мүбәрак [5]. Қаламгердің бұл жанрда қалам тартуына өзіндік себептер де бар. Бала кезінен ауыл арасында мифтік, аңыз желілеріне қанық болып өскендігі болашақ әдебиеттегі өзіндік жолды табуына септігін тигізді.

Қойшыбек Мүбәрактің «Бұлтарыс» әңгімесінде болашақтан келген өз шығармасындағы Майраның образынан нәзіктікпен ерін өзіне бағындыратын ерке әйел архетипін байқаймыз.Туындыдағы Естердің шығармасын өзі танымайтын бейтаныс сылқым арудың өзгерткеніне көнуі осының дәлелі.

Шығарма сонында:- Естер, мен Ләйла емес, Майрамын ғой, – деуінің өзінде де авторлық құбылту байқалады [6].

«Ай толған түндегі ақ қыз» шығармасында перілер, пері көші сынды мифтік желілер кездеседі.Сонымен қатар, тұмар тағу, ай толғанда перінің қызына дұға оқу сынды тәңіршілдік наным-сенімдер шығармада көрініс табады.Туындыдағы перінің анасының образы-әйелдің жанашырлық архетипімен ұштасады.Себебі, баласы үшін тайсалмаған ана кесімін байқаймыз.Ақ көйлекті пері қызы пәктік бейнеде сипатталады. Пері қызының: Мәңгіге осы жұмақ мекенде бірге қалар едік, әттең, ақ жаныңды кірлетіп алғаның,-деуі осы сөзіміздің дәлелі [7].

Шығармада Жәміш апайдың тұмар әйел қолына түссе, еркектің барынан айырылатынын айтуы; Сонындағы тұмардың Айна қолына түсуі; Бас кейіпкердің барынан айырылуы перінің

қызы мен Айнадан айырылғанына тең. Бұл жерде өмірдің негізі-әйел деген ой жатыр. Әйелді негіз, ұйытқы архетипінде көре аламыз.

Ғылыми-зерттеу әдіс-тәсілдерін қолдана отырып, ғылыми-әдеби еңбектерді оқып, ізденіп, көркем шығармадан мысал келтіріп, сауалнама жасап, нәтиже мен талдау жүргізілді. Әдебиеттің басты объектісі-адам болғандықтан, адамзат түптампырын, сезімін, қасиетін зерттеу үнемі ескірмейтін тақырып. Зерттеу жұмысын жүргізе отыра, келесідей ойға келдік:

- архетип- адамның түпнегізі, түпнұсқа қасиеті;
- архетип көптеген ғылымның негізі;
- әйел архетипінің типтерін қазақ прозасында кеңінен байқай аламыз;
- Қойшыбек Мүбәрак шығармаларында жаңашыл әйел архетипі көрініс табады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1) Юнг К.Г. Об архетипах коллективного бессознательного //Архетип и символ/ пер. А.М.Руткевича. - М: Ренессанс, 1991.- 485 с.
- 2) <https://abai.kz/post/17289>
- 3) Мелетинский Е.М. О литературных архетипах / Российский государственный гуманитарный университет. — М.. 1994. — 136 с.
- 4) <https://qamshy.kz/article/15619-resey-psikhology-qazaq-ayelderininh-arkhetipi-turaly-dal-osy-dgerde-men-naghyz-a>
- 5) https://adebiportal.kz/kz/news/view/qoisybek-mubarak-menin-ar-sygarmanyn-artynda-bir-aiel-turady_20426
- 6) <https://bilim-all.kz/article/13307-Bultarys>
- 7) <https://adebiportal.kz/kz/amp/news/view/22278>

Өміртай Мерей

КО-21-22 студенті

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

omirtay.merey005@mail.ru

Ғылыми жетекші:

ф.ғ.д., профессор Б.С.Рахимов

ҚАЗАҚ ХАЛЫҚ ПРОЗАСЫНДАҒЫ ЖАҒЫМСЫЗ БЕЙНЕЛЕР

Қазақ фольклорына үңіле қарасак, сонау тарихтың тағылымды дүниелерінің татымы келіп тұрады. Үлгі-өнегелі тарихымызды халқымыз небір шығарма, әпсана, әңгіле, батырлар жыры, ертегілермен жеткізіп, жас ұрпақ санасына сіңіріп өскенін құп көрген. Ертедегі адамдар тағдыр талайлары сан алуан өзгелешілімен ерекшеленеді. Халық прозасының аңыз, ертегі мифтердің әрқайсысында жақсылық пен жамандық арасында күреске құрылады. Біздің мақаламыз да ертегі немесе аңыз қаһармандарына кедергі келтіріп, қастандық жасаушы ұнамсыз кейіпкерлер сөз болады. “Қазақ ертегілерінде ғажап батыр, айдай сұлулар болса, оларға қарсы Мыстан кемпір, жалмауыз, жезтырнақ, жалғыз көзді жалмауыз, жеті басты жалмауыз және тағы да басқалар араласады” [7, 12]

Қай халықтың болсын алғашқы көркем классикалық шығармашылығы ертегіден бастау алады. Өмір жолын адамзаттың күресі десек, ертегіде сол өмір үшін күрес қалай басталғандығын баяндайды. Сол баяндаулар нәтижесінде түрлі бейнелер ерекшеленеді екен.

“Ертегі – фольклордың негізгі жанрларының бірі. Ертегі жанры-халық прозасының дамыған, көркемделген түрі, яғни фольклорлық көркем проза. Ертегінің атқаратын қызметі кең: ол әрі тәрбиелік, әрі көркем эстетикалық әдеби қаазына. Ертегінің түрлі жанрлық ерекшелігі осы екі сипаттан көрінеді. Сондықтан ертегілік прозаның басы міндеті-сюжетті барынша тартымды етіп, көркемдеп, әрлеп баяндау. Демек ертегі шындыққа бағытталмайды, ал